



№27 (10017)
6 сәуір,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе



39 жемқорлық фактісі анықталған

Соңғы 6 жылда спорт саласына бөлінетін қаражат 2 есе артқан. Яғни сала бюджеті 1,4 трлн теңгені құрап отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте Агенттік төрағасы А.Жұмағалидің басшылығымен спортты қаржыландыру саласындағы жемқорлық тәуекелдерін жою мәселелері бойынша ведомстваралық мәжіліс өткен. Онда елімізде спортты дамытуға бөлінетін мемлекеттік қаражаттың ұтымсыз және тиімсіз жұмсалыуына әкеп соқтыратын елеулі жемқорлық тәуекелдері мен факторларының болуын көрсеткен сыртқы талдау нәтижелері талқыланды.

Агенттік жыл басынан бері спорт саласында 39 жемқорлық қылмысын тіркеген. Тек соңғы 6 жылда сала бюджеті 2 есе өскен. Қолдау қаржыны, бірақ Қазақстанның әлемдік спорттағы көрсеткіштері құлдырап барады. Сала бюджетінің 90 пайызы жұмсалатын «жоғары жетістіктер» және «буқаралық» спортты қаржыландыру арасында теңгерімсіздік байқалған. Агенттік төрағасы қаржыландырудағы диспропорция жемқорлық схемаларына негіз болғанын айтады. Сондай-ақ ол егер бұқаралық спортта қазір цифрландырылған жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы жұмыс істеп тұрса, жоғары жетістіктер спортында ашық емес және субъективті төлемдер, аз бақылау, аффилирленген қатысушылар, жалған оқу-жаттығулар және қосарланған қаржыландыруға жағдай жасалған деп есептейді.

Төраға спорттық процестерде цифрландырудың болмауы жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қаражаттың жымқырылуына қолайлы жағдай туғызатынын да жасырмады. Мәселен, екі жыл бұрын жоспарланған «E-sport» ақпараттық жүйесі осы уақытқа дейін іске қосылмаған. Одан бөлек «Спорт шебері» жалған атағын беру деректері анықталған.

Мәжілісте мұнан бөлек Қазақстандағы спортшыларды натурализациялау, кәсіби клубтардың бюджеттерін қалыптастыру және легионерлерге төлемдерді қаржыландыру мәселелері талқыланды. Президенттің бюджет пен жалпақы мөлшерін шектеу жөніндегі тапсырмасына қарамастан еліміздегі футбол кәсіподақ клубтары соңғы 3 жылда 30 млрд теңгеден астам үстеме ақы төлеген. Сонымен қатар өзіндік спорттық инфрақұрылымын дамытудың орнына бюджет қаражаты легионерлерге төлем жасауға және спорт нысандарын жалға алуға жұмсалған. Талдау қорытындысы бойынша Агенттік салалық министрліктің атына жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар енгізді.

«ЖЖ» ақпарат

Ауыл тынысы

Жол құрылысы жанданды

Тарихы бай, халқы еңбексүйгіш Аққұм ауылына жол түскен сайын елді мекеннің тозығы жеткен ішкі көшелерін көріп, көңіліміз құлазитын. Жақында сол ауылға атбасын бұрдық. Жоқ, биыл ауылда құрылыс қарқынды, әсіресе жол құрылысы жанданған. Елді мекенге кіреберістен-ақ қызу жұмыстың табы көрінді. Құрылысқа қажетті техникалық көліктер мен жол жөндеушілер өзіндік жұмыстарына кірісіп кеткен. Нақтырақ айтсақ, жол жиектеріне ескертпе белгілері қойылып, сүрілген жолды тегістеп жатыр. Ауыл әкімі де жұмыс процесін егжей-тегжейлі бақылап жүр.

Аққұмның әкімі Алтынбек Асанбековтың айтуынша, ауылда 14 ішкі көше бар. 10 көшенің жөндеу жұмыстарына 472 млн теңге мемлекеттен қаржы қаралған. Былтыр оның 2-еуі күрделі жөндеуден өтсе, биылғы жылдың еңшісінде тағы 8 көше бар екен. Бүгінде мердігер мекеме Лекеров пен Доспанбетов көшелерін тегістеу, асфальт төсеуге дайындық жұмыстарын жүргізуде.

– Ауылымызды дамыту, инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік әлеуетін арттыру мақсатында биыл бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Жол құрылысы қарқынды жүруде. Ешқандай қиындық туғызатындай мәселе жоқ. Жол құрылысынан басқа жобаларымыз да бар. Айта кетейін, былтыр елді мекеннің аулапайлық су тарату желісінің құрылысын жүргіздік, бүгінде нысан пайдалануға берілді. Еңбек және Аққұм ауылдарының ішкі көшелерінде орналасқан түнгі жарықшамдар заманауи түрлі-түсті кескіндегі шамдармен ауыстырылды. Биыл К.Бекенов көшесін де жарықтандыру жұмыстары бар. Сондай-ақ былтыр «Бірлік-А» ШҚ-ның қолдауымен 2,8 млн теңгеге Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға жарықтандыру жұмыстары жасалды. Осындай демеушілердің есебінен биыл да балалар ойын алаңын салу жоспарда бар, – дейді ауыл әкімі.

Иә, жұмыстың белсенділігі жоғары, мердігер мекеме де ауа райы қолайлы болып, ешқандай қиындықтар туындамаса, құрылыс жұмыстарын тезірек аяқтап, тұрғындардың игілігіне табыстауға ниетті.

Алдымен жолдың бетін толықтай қырып болған соң көшені өбден тегістеп, топырақ жаяды. Мұнан кейін бетіне қиыршық тас төселеді. Содан кейін асфальт төсеу жұмыстары жүреді. Жалпы 2 көшенің ұзындығы 2 шақырымнан асады, ал асфальттың қалыңдығы төселген тасымен есептегенде 15 см, ал асфальттың өзі 7-8 см қалыңдықта болады.

Иә, ауданымызда кейінгі жылдары жол құрылысы қарқын алғанын жа-



Өйткені бұл 2 көшеден кейін тағы 6 көшенің құрылыс жұмыстары кезегін күтіп тұр. Бір қызығы, жол құрылысы жұмыстарына ауыл азаматтарын да тартқан, яғни жұмыссыз жүргендер ауылдың көркеюіне үлес қосу арқылы екі қолға бір күрек тапқан жайы бар.

– Жасыратыны жоқ, ауылымыздың көшелері тозып кеткен еді. Міне, уәде еткендей жол жаңарту жұмыстары басталыпты, қуанып отырмыз. Су, жарықтан ешқандай мәселе жоқ, енді көшелерімізге тепіс асфальт төселмек. Халыққа бұдан басқа не керек? Іске сәт, – деді ауыл тұрғыны Ерхан Туысбаев.

Құт-берекенің ортасы саналатын ауылды дамыту, тұрғындарға қо-

лағаштықтар жақсы біледі. Былтырдың өзінде әсіресе ауылдық елді мекендердің бірқатар ішкі көшесі жаңарып қалды. Сондықтан болар, өңір басшысы Ардақ Ибраимов ауданға қарасты елді мекендерді көтеретін түрлі жобаларды жүзеге асыруға аса мән беруде. Оның дәлелі бүгінде ауданда ауыл жолдарын жөндеу, әлеуметтік тұрғыдағы маңызды нысандарды жаңарту, инженерлік инфрақұрылымдарын дамыту жұмыстары қарқын алуда. Айтып-айтпай не керек, ең бастысы, күрежолдың бойында орналасқан Аққұмда көз ұшынан қызу тіршіліктің табы анық байқалады...

Жандос ЖАЗКЕН

Спорт

Футзал: оқушылар оза шапты



Ауданда спортқа құмар жасөспірімдер жетерлік. Оның басым бөлігі – аяқдоп шебері. Былтыр жыл соңында «Наркескен» спорт клубы мен жастар ресурстық орталығының ұйымдастырумен осындай жастардың басын қосқан дүбірлі дода басталған. Бейсенбіде айтулы жарыс мәресіне жетті.

2

Бәрекедді!



Өнертапқыш Айша

XXI ғасыр – ғылым мен білімнің, жаңа технологияның дәуірі. Жастардың ақыл-ойы мен күш-жігерін өнертапқыштық салаға икемдеп, технологияны жетік меңгеруіне жүйелі жұмыстар жасалуда. Апта басында аудандық оқушылар үйінде кент және ауылдық округтердің жас өнертапқыштары бас қосты. Олар «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштар» республикалық жарысының аудандық кезеңінде сынға түсті. Өскемен ұрпақтың шығармашылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған бәсекеге 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Қатысушылар әуе, зымыраң, кеме, көлік модельдерін құрастыру бойынша сынға түсті. Олар әділқазылар мен көпшілікке өздерінің қолдарынан шыққан жаңа технологияларын ұсынды.

Жас өнертапқыштардың білімі мен ойлау қабілеті сынға түскен сайыста үздіктер қатарынан көрініп, республикалық байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алған оқушылардың бірі – Айша Таңатарова. Ол – Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы. Жарыс соңында ұлағатты ұстаз жетекшілік еткен талантты жаспен тілдесуді жөн көрді. Үздік

оқушы тағы бір сайыстан жүлдемен оралып, мектеп абыройын асқақтатқан. Айтуынша, аудандық «Pro Eco» экологиялық жобалар байқауы өткен. Мектеп мақтаншы Айша жетекшісі Назерке Баймахановамен бірге бұл байқауға кез келген адам қолындағы смартфон арқылы онлайн саяхат жасауға мүмкіндік беретін жаңа жоба ұсынған. Шынайылықты виртуалды форматта көрсету, аудан бойынша алғаш рет осы байқауда білікті маман мен білімді оқушының бірлесіп жұмыс жасауымен жүзеге асқан.

ЖАЛАҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Сапар

Жарқын жобалар ауылды түлетеді

Апта басында аудан әкімі Ардақ Ибраимов жұмыс сапарымен бірқатар ауылдарда болды. Елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысып, жүргізіліп жатқан жұмыстардың жай-күйінен хабардар болған Ардақ Әбдіғалпарұлы әрбір жобаның сапасына мән беріп қажеттігін қатаң ескертті. Алдымен М.Шәменов ауылына табан тіреген ол елді мекенді газдандыру жұмыстарымен танысты.



Бүгінде ауылда мердігер мекеме «АЭС and Limited» ЖШС арқылы газ құрылысы басталған. Ауылдың газдандыру жұмыстарына ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 4,5 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда ауылда барлығы 21,8 шақырым газ құбыры тартылған. Оның ішінде жоғары қысымды газ құбыры – 12 шақырым, төмен қысымды газ құбыры – 9,8 шақырым.

Ардақ Әбдіғалпарұлы жұмысшыларға газ құбырларын тартуды жылдамдату қажеттігін ескертті. Сондай-ақ ол егін науқаны басталған уақытта

нысқан оның назарынан кіреберіс жолдың сапасы да тыс қалмады. Аудандық маңызы бар жолды күрделі жөндеуден өткізу – тұрғындар үшін маңызды мәселелердің бірі. Осы ретте аудан басшысы биыл кіреберіс жол мәселесі оң шешімін табатынын айтты.

Мұнан кейін жергілікті тұрғындармен бірге аяқ су мәселесін шешу мақсатында су тарту құрылысын орнатуға арналған орынға барды. Ол халыққа ауылдың келешегі үшін қорғаныс бөгетін бұзбай, сыйымдылығы жоғары суайдағыш құрылғы әкелу мақсатында сүйемелдеу жұмыстарын жүргізетінін жеткізіп, ауыл әкіміне тазалық жұмыстарын күнделікті қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Ардақ Әбдіғалпарұлының ауылдарға сапары Аламекекте жалғасты. Ондағы электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарымен танысқан аудан әкімі өдеттегідей мердігер мекеменің назарына әуелі жобаның сапалы аяқталу қажеттігін салды.

Өздеріңіз білетіндей, ауылдық округтердің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Биыл Мырзабай ахуң, Т.Жүргенов, Аламекек елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына 915 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда Аламекек ауылында жоспарланған 377

тұрғын үйдің тұсына бағана орнату жұмыстары жүргізілуде. Аудан әкімінің халықпен кездесулерінде қозғалған әпектр желілерін қайта жаңғырту мәселесі биыл толық шешім табады.

Ауылдағы ауқымды жобаның жұмыс барысымен танысқан Ардақ Ибраимов тұрғындармен пікір алмасты. Елді мекендердегі күрделі мәселелерді шешуде, халыққа қолайлы жағдай жасау Президенттің, Үкімет басшысының, облыс әкімінің қолдауы екенін айтты. Ауылдағы көше жарықтарын орналастыруға демеушілік жасап жатқан шаруашылық төрағаларына да алғыс білдірді.

Ардақ Ибраимовтың кезекті сапары Аққұм ауылында жалғасты. Ауылдағы жол құрылысымен танысқан аудан әкімі ең бастысы, жолдың сапасына назар аудару қажеттігін жеткізді. Ол ауыл тұрғындары тарапынан қозғалып жүрген сауалдардың бірі Р.Қиязев көшесін күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары толықтай жасалатынын, 8 көшенің тізімінде оның да бар екенін айтты. Бұл ретте ауыл әкіміне елде болып жатқан оң өзгерістерді, мемлекеттік қолдауларды халыққа уақытылы және нақты деректермен ұсынып отыруды тапсырды.

А.БҰРҚИТБАЙ



шұңқырларды қазуда кедергілер көп болатынын да тілге тиек етті.

Қазіргі таңда қос ауылда газ құрылысы жүруде. Бұйыртыса, ауыл халқының жылу маусымында газ тұтынатын уақыты алыс емес. Жұмысты мейлінше ширату көрек. Бірақ сапа да ескерусіз қалмасын. Мен барлық

жерде айтып келемін, әрбір жұмыста сапа бірінші кезекте болуы тиіс. Себебі ел үшін қолға алған жобалардың барлығы өміршең болуы тиіс. Сонда ғана жасаған жұмысымызда нәтиже болады, – деді аудан әкімі.

Ардақ Ибраимов ауыл тұрғындарымен кездесіп, талап-тілектерін тыңдады. Елді мекеннің жай-күйімен та-

Футзал: оқушылар оза шапты

Шағын футболдан аудан әкімінің кубогын 8-10 сынып оқушыларынан құралған 10 команда сарапқа салды. Бірнеше айдан бері жалғасып жатқан жарыста аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов ойыншыларға сәттілік тіледі.

Дәстүрге айналған бұл жобаның мақсаты – оқушыларды салауатты өмір салтына баулу. Бұқаралық, кәсіби спорттың дамуына аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Бұл жарыста тікелей аудан басшысының бастамасымен өтіп жатыр. Бүгінгі ойында қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Фани Кенжеғараулы.

Бүгін ойынның соңғы көзеңі өтті. Яғни 9 айналым бойы қарсыласына есе жібермеген командалардың ішінен нағыз аяқдоп шеберлері анықталды. «Үздік қақпашы» номинациясын

№202 орта мектептен Әлімбай Рахмет, «Үздік қорғаушы» Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінен Бекарыстанов Дамир, «Үздік ойыншы» №114 орта мектептен Оразәлі Досхан, «Үздік сүрмерген» №202 орта мектептен Ұлғабай Қасымжолар иеленіп, қаржылай сыйақыға ие болды. Ал «Үздік команда» жетекшісі номинациясымен Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Ахметов Айдос марапатталды.

Командалық есепте I орынды 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп командасы иеленсе, II орынға Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі ие болды. Ал №114 орта мектеп құрамасы үздік үштікті түйіндеді.

Бүгінгі ойын тартысты болды. Жеңіске жету үшін бар күшімізді жұмысқа салдық. Ойын барысында жаттықтыру-



шымыздың берген бағыт-бағдары мен жауапкершілік қолдауының көп көмегі тиді, – дейді №202 орта мектеп командасының жетекшісі Қасымжолар Ұлғабай.

Сайыс соңында жүлдегерлер арнайы аудан әкімінің орынбасары Фани

Сүлейменовтың дипломымен марапатталып, медальдар иеленді. Ал жеңімпаз командаларға қаржылай сыйлықтар үлестірілді.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ
БАСЫЛ-БЕТТЕ

Өмірі еңбекпен өрілген азамат

Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Енді түрлендіріп, жаңа келбетін қалыптастырушы – құрылысшылар. Біздің бүгінгі өңгіміміз де елінің өркендеуіне үлес қосқан аптап азамат Махамбетов Орынбек Пірманұлы жайында болмақ.

Ол 1955 жылы 20 сәуірде Тереңөзек ауданы Далакөл ауылдық кенесіне қарасты Жаңаөріс колхозында дүниеге келген. 1973 жылы маусымда Орынбек Аққұм ауылындағы он жылдық Шымбетов орта мектебін өте жақсы нәтижемен бітіріп, Қарағанды металлургиялық комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнына түсіп, құрылысшы-инженер мамандығын үздік дипломмен бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын 1978-1981 жылдары облыстық жөндеу құрылыс тресіне қарасты электросантехмонтаж мекемесінде мастерлікпен бастап, одан прораб қызметінде асфальт-бетон зауытының құрылысын салып, ел игілігіне пайдалануға абыроймен тапсырды.

1981-1984 жылдары Қызылорда құрылыс тресінде бөлім бастығы, 1984-1998 жылдары аталған тресттің комбинатында бас инженер болып қызмет атқарды, сол тұста ол 50-ден аса көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын салып, 1-335А У сериясын және 97-сериясына қайта жаңартып, қуаты жылына 100 шаршы метр комбинат құрылысын басқарып, өндірісті іске қосу үшін еңбегін аямады.

2001-2005 жылдары «Махамбетов» ЖК директоры, «Промстройпроект» ЖШС облыстық филиалында директорлық қызмет атқарса, Промстройпроект жобалау институтына басшылық қызметі барысында Қызылорда қаласында қонақ үй кешендерін жобалап, құрылысын салды.

Кейін «100 аурухана, 100 мектеп», «Ақбұлақ» бағдарламаларын орындауға қатысып, 20-дан астам ғимараттық жобалау жұмыстарын және елуден астам елді мекеннің, 5 аудан орталығының, Ақтау қаласындағы халықаралық (Кендірлі) демалыс орнының бас жоспарын жасап, қаламызға көрік беріп тұрған сәулеті тасыған. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы мен №3 қалалық емхана ғимаратының жобаларын жасап, құрылысын жандандыратын ауыз толтырып айтуға тұрады. Аталған «Промстройпроект» ЖШС-ның Астана, Ақтау, Алматы, Талдықорған, Көкшетау қалаларында және Өзбекстан республикасының

Ташкент қаласында, Қарақалпақтың Нүкіс қаласында да филиалдары жұмысты қандандырығаны белгілі.

Бауырымыз жұмыс бабымен АҚШ-тың 3 қаласында болған кезде «мен ата-бабам аяғы тимеген жерді көріп, өмірдің жаңа басталғандығын шыңдайды болды» дегені өлі есімде. Сәулетші адам ел жер көрсө, ұшық қиялына қиял қосылатыны рас екен ғой, себебі бауырымыздың қолтаңбасы мен еліне деген махаббаты Ақмешіт, Мерей шағын аудандарындағы көпқабатты үйлердің қаздай тізіліп жарқырауынан сезіліп тұрады. Қызығы мен шыңығы қатар жүретін құрылыс саласында қанша тер төксе де шаршадым дегенді білмейтін ол «мен бақыттымын, өйткені мен жүрегімдегі мамандығымды таптым, мен құрылыс адаммын, әр салған ғимаратыма қарап ләззат аламын» дейтін. Оның құрылыс саласында қажырлы еңбегінің арқасында қаншама жаңуға басынанып болып, бақыты ғұмыр кешуде.

Құрылысшы мамандығына ешкім мен бере бермейді, шынтуайтында адам басынанып болмаса, қалай ғұмыр кешеді, міне, осы жерде құрылысшының еңбегі зор екенін сеземіз. Тағы бірде Орынбек бауырымыздың құрылысшы болу екінің бірінің қолынан келе бермейді, қиындығы көп болған соң шыдамай тастап кетеді, бұл мамандық адамды шындейді, өмірге тіке қарауды үйретеді» дегені бар-тын. Оның әріптестері «Орынбек мырзадан 5 жыл тәжірибе алсаң, сен нағыз құрылысшы боласың» дейтін. Ол өзінің іскерлігімен, жауапкершілігімен «құрылысқа қателесуге болмайды» деген қағидамен жүретін. Қателеспей қызмет атқарғанынан болар, бүгінде дейін Орынбектің жобасындағы қаланған үйлер мен ғимараттардың мұқалғаны байқалмайды, болмаса қазір де «жана кірген пәтеріміз құлап жатыр, сөгіліп жатыр» деген дабыра көбейгені рас. Осыдан-ақ оның құрылысқа қатты мән бергені сезіледі.

Бауырымыз өмірде ақкөңіл парасатты, еңбекқор, қажырлы, бақытын жұмысынан тапқан тұлға еді. Сыр өңірінің тарихында есімі алтын әріппен жазылатын қайраткер тұлғаның бейнесін



өз болмысына қалыптастыра алды. Еңбек жолында ҚР Ұлттық экономика министрілігінің «Құрметті құрылысшысы» төсбелгісімен марапатталды. Адал еңбекпен өрілген өмірінде халқына адал қызмет ете жүріп, аяқасты 2021 жылдың 4 тамызында өмірден өтті. Халқы үшін аянбай еңбек еткен аяулы азамат Махамбетов Орынбек Пірманұлының жарқын бейнесі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Бауыр деген қымбат екен бәрінен. Жанды аямай жолына сеніп құрбан ем. Өткен дүние, неге тарсып пәндіме. Бар болғаны мынау жарық дүниеде. Жалт еткендей өте шытың өмірден!

Ұлбала ЖҮНІСОВА

Бітім



Медиация: тату болса, ағайын жақын

Сотта төрелік ететін судья кінәліні жазалаушы ғана емес, сонымен бірге екі тарапты ымыраға келтіруші ретінде қазақ қоғамының тату тірлігінің, береке-бірлігінің сақталуына да атсалысып келеді. Себебі қазақ халқы ертеден отбасы құндылықтарына құрметпен қараған. Отбасындағы әкенің, анаңның, үл мен қыздың өзіндік орны айқындалып, бір-бірін сыйлаудың жазылмаған заңдары қалыптасқан.

Қазыбек бидің «Тату болса ағайын жақын, ақылшы болса апаң жақын, инабатты болса келін жақын, бауырмал болса інің жақын, сыйлас болса нағашың жақын, еркелейтін немерең жақын, өз ұрпағың шеберің жақын, бәрінен де өмірге еңкеген анаң жақын» деген жақсы нақыл сөзі бар. Міне, осындай ғибратты біліп ескен ұрпақ қана ажырасуға, басқа да келесің қадамдарға, қылмысқа бармайтыны анық.

Дегенмен өмір болғанын түрлі жағдайлардың орын алатыны хақ. Ашуға бұлығып, арызын сотқа аркалап кететіндердің талабын тыңдай отырып, судья екі тарапты татуластыруға тырысады. Тараптармен сотқа дейін татуластыру рәсімін жүргізу барысында тараптарға дауды медиация рәсімі бойынша шешудің тиімді жақтарын түсіндіреді. Татуластырушы судьяның кеңесін тараптар тыңдап, медиация тәртібімен татуласып, бір бітімге келу көрсеткіші де жыл сайын артып отыр. Мәселен, биыл 3 айда аудандық сотта 44 іс медиация тәртібімен шешілді. Бұл – өріне қуантарлық жәйт.

Айта кеткен жөн, тараптардың татуласу тәртібі мен оның құқықтық салдары ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 17-тарауында көзделген. АПК-ның 17 тарауы түгелдей 174-182 бап тараптарды бейбіт келісімге шақыруға арналған. Заңнама татуласу рәсімдерінің төрт түрін қарастырады. Сотта татуласу келісімін жасау, медиация немесе соттық медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісімге келу, сондай-ақ екі тараптың адвокаттарының қатысуымен дауды партиципативтік рәсімдер арқылы реттеу.

АПК-ның 174 бабына сәйкес тараптар татуласу келісімін дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап немесе осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде немесе бір бөлігінде реттей алады.

Татуластыру рәсімдері жүргізілген жағдайда талап қою арызын қабылдау үшін 10 күндік мерзім белгіленеді. Дау реттелген жағдайда судья талап қою арызын өзі іс жүргізуіне қабылдайды және тиісті келісімді бекітеді. Егер келісімге келмесе, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтауға, ал ол болмаған жағдайда талапты басқа судьяға қайта бөлу үшін беруге міндетті. Яғни тараптар тұрғындар дауды татуласу келісімі арқылы, медиация тәртібімен немесе партиципативтік рәсімдер тәртібімен, не АПК-да белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, өзара талаптың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

Бұған дейін тараптар арасындағы дауды бітімгершілік келісіммен бітіру тек медиаторлардың қуырында болған. Ал енді екіжақты келісімге келтірудің көзжіегі кеңейтіліп, бұл істі атқару судья-медиаторларға да, адвокаттарға да жүктеліп отыр.

Татуластыру рәсімдерін жүзеге асыруда судьяның нақты міндеттері де заңнамамен нақтыланды. Дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуді азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті ретінде бекіте отырып, судьяға талап арызды қабылдаған күннен бастап тараптарды татуластыру үшін тиісті шараларды қолданып, істі қараудың барлық сатыларында талапты түсіндіру жүктеліп отыр. Ал медиация сотта «Медиация туралы» ҚР Заңына және ҚР-ның Азаматтық процесстік кодексіне белгіленген ерекшеліктерге сәйкес өткізіледі. Сот тараптардың өтініш хаты бойынша медиация рәсімін белгіленген мерзім шегінде кейінге қалдыруға және басқа тұлғалардың қатысуы дауды реттеуіне ықпал етсе, оларды медиацияға шығаруға құқылы.

Егер дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, сот актісін орындау сатысында жасалса, ол сот актісін орындалатын орны бойынша бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сотқа бекітуге ұсынылады. Процестік кодекстің бұл ерекшеліктері медиацияның іс жүргізудің барлық сатысында өткізуге мүмкіндік береді. Медиацияның мемлекет және ең маңыздысы халық үшін жағымды жақтары көп болғандықтан соңғы реформалары оны дамытуға бағытталған. «Медиация туралы» заңның қолдануы өркендету кешіне бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқанының айқын көрінісі.

Тағы бір атап өтетін оңтайлы жәйт, ол – қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігі және уақыт үнемділігі. Мысалы, сотта іс ұзаққа созылады, ол тіпті бірнеше айларға созылуы мүмкін, сонымен қатар сот отырыстары бірнеше мәрте белгіленуі мүмкін, оған тараптардың бірінші өкілдері келмеуі себепті кейінге қалдырылып, келесісіздіктер туындайды. Ал медиация барысында татуластырушы судья тараптардың тең құқығын көздейтіні сөзсіз, сондай-ақ оларға тең міндеттер де жүктеледі.

Медиацияның өткізетін тұлға іс бойынша сот қандай шешім қабылдауы мүмкін екенін тараптарға ашық айтады. Нәтижесінде тараптар істің немен аяқталуы мүмкін екенін ескеріп, екінші тарапмен келісімге келуге әрекет етеді. Сол себепті медиация институтын көп жағдайда ежелгі билер сотымен салыстырады. Себебі дауласқандарды ымыраға, араздасқандарды ағайындыққа шақыру және екі тараптың да алғысын аларлық істің оң шешілуі үшін тиімді. Бұл – халық сеніміне ие болып, таразы басын тең ұстаған біз үшін үлкен мәртебе!

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық
сотының төрағасы

Жалағаш ауданы – 85 жыл

XX ғасыр ел тарихында қазақ халқының басына қайғы-қасірет әкелген зобалаң да зұлмат ғасыр болып қалары сөзсіз. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері, 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы, «өскери коммунизм» саясаты, 1928 жылғы конфискация, алғашқы бесжылдықтар, 1931-1938 жылдардағы алапат аштық пен қуғын-сүргін нәубеті, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі қираған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру, тың игеру, 1960-1990 жылдардағы реформалар, тоқырау және қайта құру жылдары т.б. бүгінде тарих сахнасының еншісіне енді.



Өртенген қойма

Кеңес қоғамындағы бұл өзгерістер өткен ғасырдың 1920-1930 жылдары қалыптасқан өміршілдік-өкімшілік жүйенің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы жүзеге асырылды. Бұл өсіресе жер мәселесі мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатында айқын көрінді.

1925-1933 жылдары аралығында Қазақ өлкелік ВКП (б) комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекин мен оның қолшоқпарларының «Кіші Октябрь» деген атпен саяси-шаруашылық шараларды күштеу жолымен жүзеге асыруы қазақ ауылдарында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі даму жолына ауыр соққы берді.

Большевиктер көсемдерінің бірі Л.Д.Троцкийдің Ф.Голощекиннің қазақ халқына қарсы жүргізген бұл қылмыстық саясатын «Голощекин орыс деревняларында өлеуметтік келісімді уағыздап, қазақ ауылдарында азамат соғысын қоздыруда» деп сынауында ашы да болса шындық жатыр. Кеңес үкіметі жүргізген бұл саясаттың нәтижесінде ата-баба тарихында мыңдаған жылдар бойы көшіп-қонып жүрген жеке мал шаруашылығымен айналысқан халқымыздың тұрмысына күрделі бет-бұрыс жасалды.

Көшпелі қазақ мал шаруашылықтарын күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру саясатынан қазақ халқы аса ауыр шығынға ұшырады. Ашаршылықтан және онымен байланысты туған түрлі эпидемиялардың салдарынан өлім-жітімнің көп болуы халықтың басқа көршілес республикаларға, Қытай, Монғолия секілді т.б. елдерге ауа көшіу нәтижесінде қазақ халқы 2,5 миллионнан астам адамынан айырылды.

Сол себепті Қазақстанның түкпір-түкпірінде қазақ халқының Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына наразылық білдіріп, табанды қарсылық көрсетуі заңды құбылыстардың бірі еді. Ресми құжаттарға сүйенсек, 1929-1933 жылдары аралығында Қазақстан бойынша Кеңес үкіметіне қарсы 460 рет қастандық әрекет, колхоздар мен совхоздарды құруға қарсы 127 рет зиян келтіру оқиғасы тіркелген.

Бұған жауап ретінде Кеңес үкіметінің колхоздастыру саясатына қарсы шыққан шаруаларды жазалау мақсатында 1932 жылы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «Колхоздар, кооперациялар мен мемлекеттік мекемелердегі мүліктерді қорғау және қоғамдық-социалистік меншікті нығайту туралы» Заңы қабылданды.

Аталған Заң бойынша өздерінің жекеменшік малын жоғары жақтың рұқсатынсыз сойып тастаған шаруалар енді бай-қулақтардың қатарына жатқызылып, РСФСР Қылмыстық Кодексінің №79 санды бабымен айыпталып 2 жылға сотталса, колхоз немесе мемлекет мүлкі аса зор көлемде ұрпаған, талан-таражға салған, өртеген немесе қасақана бүлдірген жағдайда олар

10 жылға дейін сотталып, кейбір жағдайларда ең жоғары өлеуметтік қорғау шарасына, яғни өлім жазасына кесілді. Сонымен қатар өздері ұрлық жасамағандықтан колхоздың қоймаларында сақтаулы тұрған тұқымдық астықтың кейбір жағдайларға байланысты өртеп немесе шіріп, жарамсыз болып қалуына жол берген колхоз төрағалары, бастауыш партия ұйымының хатшылары мен қойма меңгерушілері секілді т.б. жауапты кісілер де қылмыстық жазаға тартылды.

Мұрағаттық деректердің мәліметі бойынша, осы жылдары Қазақстандағы ОГПУ Үштігі 9 805 қылмыстық іс қараған. Соның ішінде ату жазасына 3 386 кісі кесілсе, 13 151 кісіге 3 жылдан 10 жылға дейін концентрациялық лагерьлерге қамауға үкім шығарған. 1933 жылдың өзінде Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының Үштігі 21 мың адамды қамауға ұнатқан.

Осы мақаланы жазуға арқау болған сол зұлмат жылдары бүтін бір ауданды дүр сілкіндірген бұрынғы Қармақшы ауданының №19 ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл Кедей» колхозының (қазіргі Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр атындағы ауыл) өртенген қоймасына байланысты оқиға еді.

«Қызыл Кедей» колхозы 1930 жылы Сырдарияның сол жағалауындағы «Сауықкөпден» «Қарайға» дейін қоныс тепкен ұсақ ауылдардың тұрғындарынан құрылған үлкен ұжымдық шаруашылық болатын. 1939 жылы қазан айының аяғына дейін өкімшілік жағынан көршілес Қармақшы ауданына қараған аталған колхоз сол кездері аудандағы озат шаруашылықтар қатарынан болатын. Колхоз мүшелері түрлі кәсіптермен айналысып, еңбек етті, егін етті, мал бақты, қамыс орды, балық аулады.

Аудан тарихына «Өртенген склад оқиғасы» деген атпен өнген бұл қайғылы оқиға жайлы көшегі Кеңес үкіметі тұсында айтуға да, жазуға да қатаң түрде тыйым салынғандықтан аудан тарихының «ақтаңдақ» беттерінің біріне айналған еді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда бұл оқиға көмескі түрде түрлі шаралар мен басқосуларда айтылып, жергілікті баспасөз беттерінде оқта-текте жазылып жүрсе де, өлі күнге дейін объективті шындық толығымен жарыққа шыға қойған жоқ.

Бұл оқиғаның қысқаша тарихына тоқталсақ, 1933 жылдың 28 қаңтарға қараған түні «Қызыл Кедей» колхозының астық қоймаларына жергілікті шалакөпселдердің жеке басы мен отбасы мүшелеріне жасаған қорлықтарына шыдай алмай күнінген бір қасқыр өрт қойып, өзі мұз қатқан дарияның үстімен қазіргі №5 «Қараиірі» разьезіне келіп тоқтайтын тауарлы пойыздардың біріне мініп, Ташкент жаққа қарай қашып кетеді.

Өрттің салдарынан колхоз қоймаларында сақтаулы тұрған 1 339 центнер тұқымдық күріш, Қаракеткен МТС-тен алынған өртүрлі маркадағы 4 трактор, 3 молотилка, 9 тұқымсепкіш, 2 шөл оратын қосылса, 20 соқа, 14 жылқы,

120 былғары аяқ киім қызыл жалынға оранып, толығымен өртеніп кетеді. Келесі күні болған істің мән-жайын тексеруге келген Қармақшы аудандық және Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімдерінің қызметкерлері аталған колхозда астыртын әрекет етіп жатқан «бай-қулақтардан құралған ұйым-дасқан контрреволюциялық ұйым» бар деген ұйғарымға келеді.

Сөйтіп Қызылорда қалалық-аудандық ОГПУ бөлімінің 1933 жылғы 1 ақпандағы қаулысымен «Қызыл Кедей» колхозының жазықсыз 34 колхозшысы қамауға алынып, олардың үстінен РСФСР Қылмыстық Кодексінің атышулы «Контрреволюциялық қылмыстар» атты №58-бабының тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғалды.

ОГПУ төрешушілері колхоздың басқарма төрағасы Әуесбаев (Ауысбаев) Мұстафаға колхозда Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдасқан қылмыстық топ құрған мәмілеге меншігіне зор көлемде нұқсан келтірген, ауыл шаруашылық шараларының іске асырылуына барынша бөгет жасаған, өзі тікелей басшылық жасап, түрлі зиянкестік-диверсиялық әрекеттер ұйымдастырған деген т.б. ауыр айыптар тағады.

Ол кісінің айыптау қорытындысына көз жүгіртсек, «азамат М.Әуесбаев партия қатарына контрреволюциялық жұмыстар жүргізу мақсатында кіріп, ауылда 1932 жылы ұйымдасқан контрреволюциялық ұйымға тікелей басшылық жасаған. Қарақұмдағы Әлмен-таевтың қарақшылар тобымен тікелей байланыс жасап тұрған. Оларды азық-түлікпен, колхоз мүлкіне қүзету үшін алынған қымтықтармен және оқ-дәрілермен қамтамасыз еткен. Колхоздағы контрреволюциялық ұйым мүшелерінің 1933 жылғы 27 қаңтардағы мәжілісіне белсене қатысқан. Бұл мәжілісте колхоз мүлкі, тұқым базасын, селіпо кооперативін, Қаракеткен МТС-ын өртеу мәселесі шешілген. Контрреволюциялық орталық басшыларының бірі Мейірмановпен байланыс жасап, оның нұсқауларын жүзеге асырып отырған.

Көктемгі егіс науқаны кезінде жоспарланған 1072 гектар жерге егін егудің орнына бар болғаны 443 гектар жерге егін егіп, ауданға жоспарды толығымен орындадық деп өтірік ақпар берген. Колхоздың басқару қызметіне өзінің контрреволюциялық ұйымының мүшелерін тартқан. Колхозшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмысын қасақана нашарлатып, оларды Кеңес үкіметіне қарсы қою мақсатында колхоздың 600 центнер астығын талан-таражға салуға тікелей атсалысып, басшылық жасаған.

Саяси-диверсиялық акт жасау және жаппай талан-таражға түскен астық ұрлығын жасыру мақсатында 1933 жылдың 28 қаңтарында колхоздың астық қоймасы мен селіпоның тұқым қоймасын өртеген. Осы әрекеттері үшін азамат М.Әуесбаевқа РСФСР Қылмыстық Кодексінің №58-бабының 7 және 11 баптары бойынша қылмыстық

айып тағылады» делінген. Аталған колхоздың балықшылар артелінің бригадирі Төлебаев Қойшығұл деген кісіге де РСФСР Қылмыстық Кодексінің №58 бабының 7 және 11 тармақтары бойынша қандай қылмыстық айыптар тағылғанын Оңтүстік Қазақстан облыстық Ұлттық Қауіпсіздік Департаментінің мұрағатынан алынған №1635/4728 санды қылмыстық істің көшірмесінен көреміз.


Қызылорда облыстық полиция департаменті архивынан алынған деректерге жүгірсек, «Қызыл Кедей» колхозының төрағасы Әуесбаев Мұстафа, партиялық хатшысы Жаппасбаев Асқар, тұқым базасының меңгерушісі Нұрашев Ахмет, басқарма хатшысы Әмірбеков Жұмаділда мен қойма меңгерушісі Айтуаров Бейсембай сынды боздақтар РСФСР Қылмыстық Кодексінің №58-бабының 7 және 11 тармақтары бойынша ҚазАКСР ОГПУ Коллегиясының 1933 жылдың 23 қараша күнгі қаулысымен ату жазасына кесілген. Жаппасбаев Асқар мен Әуесбаев Мұстафа 1933 жылдың 26 қарашасында түнгі сағат 11.00-де Алматы қаласында атылса, Айтуаров Бейсембай мен Нұрашев Ахмет 1933 жылдың 26 қарашасында түнгі сағат 3.00-де Қызылорда қаласында атылған. Ату жазасына кесілген Әмірбеков Жұмаділда үкім шыққанға дейін 1933 жылдың 16 тамызында түрмеден қашып кеткендіктен оған бүкілодақтық іздеу жарияланған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық ОГПУ Өкілетті Өкілдігі Үштігінің 1933 жылғы 29 маусымдағы Қаулысымен 24 кісі 10 жылдан 3 жылға дейін түрлі мерзімдерге сотталса, 4 кісі шартты түрде 3 жылға сотталып, 1 кісі сот залында қамаудан босатылады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы негізінде және Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылғы 29 маусымдағы және 13 шілдедегі қорытындысымен Тоқсанбаев Оспан, Азаматов Сәдуақас, Жаппасбаев Әби, Баймұқанов Шақымаң, Смағұлов Жүсіп, Бақтыбаев Байкөпел, Құлжанов Әбдірахман, Битұаров Ыбырай, Самалықов Әбу, Жүсіпов Әбәп, Баймаханов Смайыл, Нұртаев Сағымбай, Бекенов Айтбай, Баймағамбетов Әбілда, Жонтаев Баймырза, Топанов Әбілда, Қараев Ниязбай, Боранбаев Әбдіжаппар, Тасымов Бәден, Байғазиев Әлі, Смайлов Баққонды, Бейімбетов Махат, Тоқмамбетов Айдар, Жаңағызов Есмахан, Байтабынов Ермахан, Бақтыбаев Байкөпел, Мангелденов Қадырбай, Төлебаев Қойшығұл, Төлебаев Смағұл, Әмірбеков Жұмаділда, Нұрашев Ахмет, Айтуаров Бейсембай, Әуесбаев Мұстафа мен Жаппасбаев Асқардың бұрынғы қылмыстық істері тоқталтылып, толық ақталған.

Серікжол САПАНОВА, Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының қызметкері

Өнертапқыш Айша



Айшаның айтуынша, жобаның ерекшелігі түсірілген бейнероликті 360 градусты, ғимарат ішіне емін-еркін көре алады. Яғни тек оператор бағытпаған нысанда ғана емес, оның айналасындағы дүниелерді де қарауға толық мүмкіндік бар. Бұл сұрыпта жүрген тұрғындар үшін туристік бағыт ретінде өте қолайлы. Олар виртуалдық шынайылық форматында таспаға түсірілген бейнені ғаламтор арқылы көздірілген көре алады. Құдды сол жерде жүргендей әсер аласыз.

Осы саяис арқылы ауданның көрікті жерлерін түсірдік. Интернетке қолы жеткен ер адам арнайы сайттың көмегімен ауданның бірнеше мекемесіне онлайн экскурсия жасап, таныса алады. Мәселен, онлайн экскурсияда аудандық музейдегі жәдігерлерді 3D форматында жоғары сапада көруге мүмкіндік бар. Ең бастысы, интернет арқылы кез келген уақытта саяхат жасап, бір нүктеден айналанып бәрін көруге болады, – дейді өнертапқыш.

Ғылым мен жаңа технологияға бір табан жақын кейіпкеріміз «Кеме модельдері» бағыты бойынша қатысқан сайыста су көлігі жобасын көпшілікке ұсынып, жетекшісі Назерке Баймахановпен бірге бір апта дайындаған. Ол байқау барысында «Кеме модельдері» бағыты бойынша I орын иеленген. Өнертапқыштардың білімін тереңдетіп, мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған бұл жобаларға жыл сайын қатысушы жастар қатары артаған. Әр байқау сайын жаңашылдыққа бет бұрған жастар бір-бірімен тәжірибе алмасып, IT саласында тың дүниелерді меңгеруде. Бұл сайыста қатысушылар әр бағыт бойынша жүлделі орындарды сарапқа салды.

Назерке Баймаханова – салада 10 жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Бүгінге дейін бірнеше оқушыны түрлі бағыттағы үлкен сайыстарға дайындап, жүлдемен оралған.

Бірнеше оқушыны аудандық, облыстық сайыстарға дайындап жүлделі орындар иеленді. Оқушылармен бірге жылжымай, оқ ататын танк машиналарын құрастырды. Қазір оқушылардың робототехника саласына қызығушылығы жоғары. Сондай талантты оқушымыз бірі – Айша. Алда өлі талай жетістікке жетеді деп сенеміз, – дейді Назерке Баймаханова.

IT саласына жақында келген Айша – алғашқы сайысында-ақ 25 қатысушының арасынан оқойы озық шығып, облысқа жолдамға алған озат оқушы. Білім мен өнерді ұштастырып, заман талабына сай тың идеясымен жаңа технология жасаған Айша облыста аудан абыройын асқақталай деп сенеміз.

«Кемеге бала күнінен қызығамын. Әжеме кішкентайымнан «Кемеге мінгім келеді, бізде нәге кеме жоқ?» деп жиі айтатынын. Басқа елдерде кеме арқылы өзге елдерге өту жағы жақсы қарастырылған. Яғни бұл арқылы халықты тиімді бағада тасымалдауға болады. Ал бізде, өкінішке қарай, мұндай мүмкіндік жоқ. Осы бала күні арманымын жетегінде осы сайыста адам тасымалдайтын кемеңді құрастырды. Оның бақалардан ерекшелігі жылдамдығында. Сайыста кемелерді жүздіріп жарыстырды. Кей қарсыластарымыз кемесі жарты жолға барғанда тоқтап, бұрыла алмай қалып қойды. Ал менкі зымырап, қай бағытқа бұрсам, сол бағытқа барып, басқалардан жылдамдығы жоғары екенім көрсетті. Сондай-ақ кемеңі жасау барысында ішіне су кіріп кетпейтін аса мән бердік. Мысалы, сайыс барысында кей кемелерге су кіріп, тоғына зақым келгенін өшіріп қалды, – дейді Айша Таңатарова.

Өнертапқыштың жетекшісі алда бірнеше жарыс барын айтады. Қазіргі таңда шәкірті екеуі қызу дайындық үстінде.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

1

Ай өтіпті өзіңсіз



Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәншілік емес. Ардақты апамыз, аяулы әже, отбасының ақылманы, балаларының бағдаршыны Мариямқұл Ахметованың ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол ардақты жаннан айырылып қалғанымыздан бері де айдаң асты. Сынаққа сабыр қылмасқа пенде шіркінде амал болып па? Тағдырдың басқа салғанына сабыр қылып, сағынышпен еске аламыз. Бірақ енді жер ол жайлы өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай болмай тұр. Ахметова Мариямқұл Ділдәбайқызы 1959 жылы 16 қарашада Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1977 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектепті жақсы оқып бітірді. Осы жылы Түркістан қаласындағы индустриалды-педагогикалық училищеге оқуға түсіп, 1981 жылы бітірді. 1981 жылдан 1994 жылға дейін аудан орталығындағы кәсіптік-техникалық училищеді шебер болып жұмыс істеді. 1994 жылдың қараша айынан бастап Аққум ауылындағы №38 орта мектепте технология пәнінің мұғалімі болды. 2017 жылы қараша айында зейнет демалысына шықты. 3 бала тәрбиелеп өсірді. Қыздарын қыяға, ұлдарын ұяға қондырды. Өкініштісі, 10 нөмерінің әжесі биыл 2 наурызда бақиға бет түзеді. Бақұл бол ардақты ана. Өзіңді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын. Есімің түр санамызда жаңғырып, Біздер қалдық артыңызда қайғырып. Рухыңа бағыштаймыз біз құран. Өзіңді ұмытпаймыз мәңгілік.

Еске алушылар апасы, жездесі, күйеу баласы, сіңілісі

Сақтансаң, сақтайды
Қауіпсіздік қаперде болсын
 Балық аулау – демалыстың керемет түрі, алайда қауіпсіздік ережелерін сақтамағанды тағы болмайды. Шағын көлемді кемелер немесе қайықтармен балық аулау және аң аулау алдында қайыққа отырмас бұрын ескертерін және олардың бекіткіштерін, құтқару шеңбері мен суды сарқып алу үшін ожаудың болуын қарау қажет. Қайыққа отыруды аса сақтықпен жүргізген дұрыс. Ортасынан басып, отырғышқа бірақалыпты отыру керек.

Шағын көлемді кемелердің немесе қайықтың бортына отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға, бір қайықтан екіншісіне отыруға, қайықты шайқауға, одан суға секіруге немесе сүңгуге қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар қайықтағы адамдар жеке құтқару құралдарын киіп отыруы қажет.

Шағын көлемді кемелер, қайықтармен балық, аң аулау кезінде қауіпсіздік сақталуы тиіс. Бірінші кезекте өзімен бірге міндетті түрде медициналық қобдиша, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орны туралы хабарлағыш құралдарының болуы тиіс. Балық немесе аң аулау орнын мұқият тексеріп қарап алу да маңызды.

Мас күйінде немесе есірткіге масайған күйде балық, аң аулауға болмайды. Қайықтың жарамдылығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері, белдіктермен жабдықтау керек. Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстар болғаны жөн.

Балық немесе аң аулауға керек құрал-жабдықтарды кеме бортының бойына, ал қалған бұйымдарды қайықтың отырышының астына, тұмсығына немесе артық бөлігіне жинақы орналастырған дұрыс. Төтенше жағдайға тап болсаңыз «101» немесе «112» нөміріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

2024 жылы II тоқсандағы Аламек аудандық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымы аламын Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Есет батыр ауылы	Тажибаяв Дуалткерей Уразбекович	Аламек аудандық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00-ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Өбишев көшесі №26 үй	8(724) 31134-3-03

Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің II тоқсанда азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1		3	4	5	6
2	Тұңғышбаев Бауыржан Өмірзақұлы	Мақпалкөл ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, Жұма сағат 9 ⁰⁰ -ден 12 ⁰⁰ -ге дейін	Т.Жүргенов ауылы, М.Нұрғұлдов көшесі №23	35-1-51

Айтпайын десең...

Тәртіп жоқ, талап дәрменсіз

Қоғамдық ортаның тазалығы әрбір адамның өзінің жеке тазалығына мән беруінен басталады. Тазалықты иманның жартысы дейтіміз рас, бірақ есік алдындағы тазалыққа қатысты кейбіріміз жауапкершіліктен жұрдаймыз. Ауданда апта сайын тазалық жұмыстары жүргізіліп, тұрғындарға да ескертулер жасалады. Бірақ әлі де болса кейбір тұрғындардың есік алдына шығарылған керексіз қалған құрылыс заттары мен қоқыстары толастар емес. Бұл мәселені шешуде түсіндірме жұмыстарынан бөлек арнайы шаралар ұйымдастырылған. Алайда нәтиже көңіл көншітпейді.



Қазіргі таңда құл-қоқыспен күресу әлемдік мәселеге айналған. Ашық теңіз, өзен-көлдерде, саябақтарда, тіпті көшелердің өзінде қоқыстың түрі-түрін көздестіруге болады. Бұл адамзат баласының қоршаған ортаға нәміқұрайлы қарайтынын аңғартса керек. Мысалы, табиғат аясына шығып, отбасылық демалыс ұйымдастырғандар сол жерге от жағып, қоқыс тастап, ластан кетеді. Сол секілді көлікпен жүйткіп бара жатқан жүргізуші яки жолаушы болсын жолдың бойына пластикалық немесе шыны бөтелкелерін лақтырып кете береді.

Кент тазалығы аудан әкімінің де жіті назарында. Наурызда «Ауданның елді мекендер аумақтарында санитарлық тазарту, көркейту және

көгалдандыру жөніндегі жұмыстардың іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» өкім де шығарды. Ол бойынша профилактикалық шаралар жүргізіліп, аудан тұрғындарына ескерту де жасалған. Таза қоғамды, таза көшені бәріміз қалаймыз. Бірақ сол тазалықты өзімізден бастамаймыз. Өкініштісі сол.

Жоғарыда аталған өкімнің 13 тармағы бойынша кент өкімшілігі мен жергілікті полиция қызметкерлерімен бірге кенттегі 6 учаскелік жерде рейд жұмыстары жүргізілген. Мақсат тазалық талаптары сақтамаған жеке және заңды тұлғаларға қатысты тиісті шаралар қолдану еді. Нәтижесінде 13 тұрғынға айыппұл салынған. 65 тұрғынға ескерту жасалды.

– Ең алдымен аула тазалығы

адамның сана-сезіміне байланысты. Біз тұрғындарға түсіндірме, ескерту жұмыстарын да жасап жатырмыз. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес, 434-2-бап бойынша аула сыртын құрылыс заттарымен ластану үшін 5 АЕК, 505-бап бойынша аула сыртына қоқыс тастағаны үшін 20 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Біз аптасына үш рет профилактика жұмыстарын жасаймыз. Сол кезде әуелі ескертіп, кейін тағы қайталанса, айыппұл салып жатырмыз. Айта кететіні, айыппұл салғаннан кейін бір апта уақыт ішінде айыппұлды төлесе, белгіленген айыппұлдың жартысын ғана өтеуге жөнілдік бар. Егер тұрғын ауласында құрылыс жұмыстары жүріп жатса, арнайы қоршаумен қоршап қою қажет, – дейді кент өкімдігінің

бас маманы Ғалымжан Асқарұлы. Бас маманның айтуынша, қоқыс салатын арнайы контейнерлер де қойылған. Бірақ тұрғындар оның ішіне малдың көңі, құл қалдықтарын тастайтын көрінеді.

Асылы тазалыққа нақты жауапты кім? Осы сауалды әрқайсысымыз өзімізге қойғанда ғана нәтижелі іс болар. Меніңше, әр салаға бір сілтеме, аудан тазалығына жауапкершілікті өзімізден талап еткен дұрыс сияқты. Бұл тұста ешкімге біреудің үй жағын тазала демеіміз, өркім тазалықты өз ауласынан бастаса, мәселе де тез шешілер ме еді? Ойланайық...

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Мезгіл мәселесі

6 адамды кене шаққан

Ауданда жыл басынан бері 6 адам кене шағып, медициналық көмекке жүгінген. Тарқатып айтсақ, Жалағаш кенті, Есет батыр, Мырзабай ахун, Таң елді мекендерінен тіркелген. Дәрігерлер кене шаққан адамдарды 14 күнге медициналық бақылауға алған.

Жалпы кененің негізгі көрегі – қан Теріге орнығып алған кенені арнайы әрекет жасамай, бірден түсіре қою оңай емес. Оның өзі теріден ажырап шығып кетуі үшін қарын толық қанды тоюы керек. Сондықтан кене энцефалитінен сақтау үшін кенелерден қорғану жолдарын есте сақтау қажет. Ең алдымен мамандар далаға, табиғат аясына немесе егін егуге шыққанда сақтық шараларын ұстануды ескертпейді.

Ауданда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемиология қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде арнайы жұмысшы топ құрылған. Оның негізгі қызметі қандай? Бұл сауалға ауданның бас санитарының өз жауабы бар.

– Ауру тіркелген жерлерде бірінші кезекте тұрғындардың дер кезінде дәрігерге жүгінуі мен кене шағу жағдайында және кененің шағын болдырмау үшін не істеу керекті жайлы, бұл індеттің алыс-жақын зардаптары, алғашқы клиникалық белгілері, емдеу шаралары, кенеге қарсы өңдеу шараларын жүргізу тәртібі жайлы толық ақпараттар берілуі тиіс. Тұрғындарға бұл аурудың тек кене шаққан жағдайда ғана емес, кенемен басқалай да қатынастар арқылы, мысалы, мал сойғанда, жабысқан кенені жалаң қолмен жуғанда, мал қырымы кезінде кененің қаны адамның қолындағы ашық жарақатқа жұққанда болатынын түсіндіру керек. Тұрғындар дұрыс және толық ақпарат алған жағдайда ауруды болдырмау шаралары тиімдірек болмақ, – дейді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гулизира Айымбетова.

Медицина қызметкерлерінің де ауруды дұрыс диагностикалауы үшін анализді толық жинақтауды, оның алғашқы клиникалық белгілерін, жүзу жолдарын, алыс-жақын зардаптарын,



өлім жағдайының болуы мүмкін екенін, кене шаққанда денеден алу тәртібімен кене шаққан орынды залалсыздандыруды және кенеден көлдер зардапты болдырмау үшін сақтық шаралар туралы ақпараттарды білуі керек.

Медицина қызметкерлері арасында өзін-өзі қорғау шаралары бойынша қосымша семинар-тренингтер, жаттықтыру сабақтарын өткізу жолға қойылса да, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына шалдыққан науқасты тиімді емдеу мақсатында вирусқа қарсы этиотропты рибавирин препаратының көк тамыра енгізетін түрінің қорын жасақтау, аудандық аурухананың жұқпалы ауруларды тасымалдау барысында жедел жәрдем автокөліктерін және басқа да залалсыздандыруға жататын орындарды, лас су ағызуға арналған құрылыстармен қамтамасыз ету барысы жыл сайын езектілігін жоғалтпайды.

Жыл басынан бері ҚР СЗБ «ҰССО» ШЖҚ РМК облыстық филиалы аудандық бөлімшесінің бактериологиялық зертханасына 900, оның ішінде елді мекеннен 112, жануарлардан 107, табиғаттан 681 кене Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирусын жұқтырушылығы зерттелген. Далдабай елді мекенінен табиғаттан жиналған кенеден «оң» нәтиже анықталған. Биыл көктем айындағы ересек түрлерінің басым болуы аурудың жұғу қаупін одан да жоғарылатады, себебі ауру жұқтыруға тікелей қатысатындары – ересек түрлері, олар адамдарға және ауыл шаруашылығы жануарларына қан сору мақсатында шабуыл жасайды.

Гүлзираш Айымбетованың айтуынша, қантар айында аудандағы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына қолясыз болып табылатын 11 елді мекеннің өкімдеріне көктемгі тазалау жұмыстарын ұйымдастыру туралы қатынас хат берілген. Алайда

Жалағаш кенті мен Таң, Ақсу, Қаракөк, Бұқарбай батыр, Еңбек ауылдық округі өкімдері бұл қатынас хатқа жауап бермеген.

Айта кетейік, облыс Конго-қырым қанды безгегінің табиғи ошағы болып табылады. Соңғы жылдары Қырым қанды безгегінің тасымалдайтын кенелер саны өсуі әлдеқайда көп болуына себептері кенелер қыс айында көңінің астында жатып жұмыртқалап, одан пайда болған кенелер өрте көктемде адамға, малға шабуыл жасайды. Ал көктем, күз айларында мал қоралардағы құл-қоқыстар, қилар уақытылы жиналып, өртеніп отырса, кене саны азаяды. Конго-Қырым қанды безгегіне оң нәтиже берген елді мекендерде санитарлық қорғаныс аймағына, мал басына және мал қораларға залалсыздандыру жұмыстары екі кезеңмен жасалады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Қадір түнін қалай қарсы алу керек?

Алла Тағала өзінің хикметіне сай кейбір нәрселердің анық уақытын жасырған. Айталық, Жұма күнінің қай мезгілінде жасалған дұғаның қабыл болатынын, бес уақыт намаздың ішіндегі ортаңғы намазды, дұғалар ішінде исми ағзамды, уақыттың ішінде қияметті әрі өмірдің ішінде өлім уақытын пенделеріне дәл білдірмеген. Бұның бізге қайыры барына кәміл сенімдіміз. Мүмкін бұл мұсылмандардың үнемі сергек, Аллаға ғибадат, құлшылықта жүруін қалағасын шығар.



Қадір түніне келсек, ол – түндердің ең қайырлысы. Өйткені хадисте айлардың қайырлысы Рамазан түндердің қайырлысы Қадір түні, күндердің қайырлысы Жұма күні екені айтылған. Бұл түнді негізінен Рамазан айының соңғы он күнінде, тақ санда іздеу керек. Көпшілік ғалымдардың ортақ пікірінше, Рамазан айының жиырма жетінші түні болып есептеледі.

Құранда бұл түннің артықшылығын түсіндіретін арнайы сүре де бар. Ол сүреде Жаратушы иеміз былай дейді: – «Анығында Біз Құранды Қадір түні түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан да қайырлы. Ол түні періштелер мен Рух Рабылдарының өмірімен жерге түседі. Ол таң ағарып атқанша жалғасады» («Қадір» сүресі).

Мүминдер бұл түнді дайындықсыз өткізбей тиіс. Өйткені Әбу Хұрайра (р.а.) сахабамыз жеткізген хадисте «Кімде-кім Қадір түнінің артықшылығына сеніп, сауабын Алладан күтіп, ғибадат, құлшылықпен өткізсе, өткен-кеткен күнелері кешіріледі» делінген (Бұхари, Қадір, 1).

Бұл түні жасалуы тиіс істердің қатарында намаз оқу, Құран оқу, өткен күнелерді енді жасамасқа тәубе етіп, кешірім тілеу, жалбарынып тілек тілеу керектігін айта аламыз. Мойнында намаз қарызы барлар нәпіл намаз оқымай тұрып, әуелі бес уақыттық қаза намаздарын өтеуі артықшылыққа жатады. Ғалымдардан Суфиян Сәури «Қадір түні тілек тілеп, кешірім тілеу намаздан ұнамды. Құран оқып, артынан тілек тілеу – ең жарасымдысы» деген.

Айша анамыз Алла елшісінің Рамазанның ақырғы он күнінде құлшылыққа ерекше ден қоятынын айтады. Бұл түні қалай дұға ету керек деп сұрағанда пайғамбарымыз мына дұғаны үйреткен: «Алла тағалам, Сен кешірімдісің, кешіргенді ұнатасың, мені де кешіре гөр!».

Иә, күнәдан алыс Пайғамбарымыздың өзі (с.а.у.) күніне жетпіс я жүз реттен астам өзіне кешірім тілеп отыруды әдет еткен. Еңдеше күніне сан түрлі күнәмен бетпе-бет келіп жүрген қазіргі мұсылмандарға күн сайын мың рет, Қадір түні таңға дейін кешірім тілесе де артық етпесі анық.

Бұл түн мың айдан қайырлы болуымен де артықшылыққа ие. Мың ай тура сексен үш жыл төрт айға тең. Ал бұл өз кезегінде бұрынғы үмбеттердің өмір бойы жинаған сауабын бір түнде алу мүмкіндігі деген сөз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірде сахабаларға Исрайыл әулетінен бір кісінің мың ай бойы ат үстінде Алла үшін жиһад еткенін, кей риуаяттарда мың ай бойы күне жасамай ғибадат еткенін айтқанда, сахабалар «біздікі оның жанында түкке де тұрмас» деп таң болған еді. Осы кезде Жәбірейіл түсіп:

– Мұхаммед, үмбетің сен айтқан адамдарды естіп таң қалды. Ал Алла тағала оларға бұдан да қайырлысын берді, – деп «Қадір» сүресін оқып береді.

Тағы бір риуаятта пайғамбарымызға бүкіл үмбетінің өмірі көрсетілді. Басқа үмбеттерге қарағанда өз үмбетінің өмірінің аздығын көрген пайғамбарымыз бұған мұңаяды. Осы кезде Алла тағала оған «Қадір» сүресін түсіреді.

Бұл түннің берекесі мол. Өйткені жер бетіне сан мыңдаған періштелер түспек. Періштелер тіпті жер бетіне сыймай кетеді. Мүминдерді айнала қоршай Алла тағаланың оларға деген кешірімін мен мейірімін айтып сүйіншілейді. Таң ағарып атқанға дейін осындай жағдайда болған мұсылман үмбетінің жүрегіне тыныштық пен жан рахаты орнайды.

Бір хадисте «ол түні жер бетіне түскен періштелердің саны ұсақ тастардың санынан да көп» делінген (Ахмад, 10316).

Қадір түні түнімен құлшылық жасай алмайтындарға ең болмаса тарауың намазынан кейін біршама уақытын дұғаға арнауы керектігі айтылады. Өйткені бұл түні жасалатын дұғалардың қабыл болатынына нық сенім бар.

Айбек МӘДИЕВ,
«Ар-Рахим» мешітінің имамы

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 543